

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТККК» ЖШС  
«Бекітілді»  
Қадағалау кеңесінің  
2023 жылғы «26» маусым  
№04-23/КК хаттамасы



**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы  
компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2022 жылғы  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

## МАЗМҰНЫ

Қадағалау кеңесі төрағасының үндеуі.....	2
Басқарма төрағасының үндеуі.....	3
Есептеме туралы.....	4
ҚТКФ активтерінің құрылымы.....	5
Маңызды оқиғалар мен жетістіктер.....	5
Корпоративтік басқару.....	6
Стратегиялық бастамалар және қызметтің басым бағыттары.....	7
Инвестициялық жобалар.....	9
Қаржы көрсеткіштері .....	9
Өндірістік көрсеткіштер.....	10
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.....	13
Қоршаған ортаны қорғау.....	15
Кемелерді пайдалану қауіпсіздігі .....	16
Кадрлық, жастар және әлеуметтік саясат .....	18
Корпоративтік қауіпсіздік.....	20
Менеджмент - тәуекел.....	21
Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.....	22
Сатып алулар жүйесі және жергілікті қамтылымды дамыту.....	23
Біріктірілген басқару жүйесі.....	24
• Ішкі аудит.....	25
• Сыртқы аудит.....	26
Қанағаттану дәрежесі және тұтынушылармен кері байланыс.....	27
• Қызмет нәтижелерін бағалау.....	28
Аудиторлық қорытынды.....	30

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**  
**Қадағалау кеңесінің төрағасы М.К. Ормановтың үндеуі**

**Құрметті серіктестер мен әріптестер!**

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС теңіз тасымалының, каботаждық тасымалдаудың Ұлттық операторы ретінде Каспий теңізінің акваториясында, ашық теңіздерде Қазақстан мүдделерін және мұнайды, контейнерлерді, бас жүктерді тасымалдау саласында және оффшорлық жобаларға қызмет көрсетуде еліміздің мүдделерін танытуда.

2022 жылғы шілдеде Елбасы мұнай жүктерін тасымалдаудың баламалы маршруттарын іздестіру және теңіз флотының аясын кеңейту жөнінде тапсырма берді. Осы тапсырманы орындау мақсатында «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қазақстанда Ұлттық теңіз тасымалдаушы ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолдауымен аталмыш бағыттарда жұмыстарды жүргізуді қолға алды.

Компания бірқатар жобаларға, мәселен «Abu Dhabi Ports Group» (ADP) бірлескен кәсіпорнын құруға және су жаңа танкерлерді сатып алуға/олардың кеме жасауын жүргізуге бастамашылық танытты.

Бірлескен кәсіпорынды құру инвестицияларды, іс-тәжірибені, Бірлескен Араб Әмірліктері мен Қазақстан Республикасының ірі теңіз компанияларының флот бірліктерін біріктіремекші, сондай-ақ «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС теңіз қызметтері нарығының лайықты қатысушысы ретінде рөлін арттырмақшы.

Мұнайдың көлік бағыттарын әртараптандыру шеңберінде 2022 жылғы қарашада тараптар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «SOCAR» эзирбайжандық компаниясы арасында Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы 1,5 млн. тонна қазақстандық мұнай транзитіне жасасқан бес жылдық келісімге қол қойды. Тараптар тасымалдауды тепе-теңдік талаптармен жүзеге асыратын болады және қазақстандық тараптан теңіз операторы болып «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС айқындалды.

Осы Келісімді орындау мақсатында 2023 жылы салмағы 8000 тонналық 2 мұнай танкері сатып алынбақшы.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2022 жылы мамандандырылған MCV «Сұңқар» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде жаңғыртуды аяқтады және кемелер топтамасының үшінші кемесі - MCV «Бүркіт» жаңғырту бойынша жұмыстарды қолға алды, бұл келешекте контейнерлік флот қуатын 60 мың ДФЭ дейін арттыру мүмкіндігін бермекші.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметінің жыл сайынғы қорытындылары негізінде Компанияның өз алдына белгіленген мақсаттарына және міндеттеріне бұрынғыдай жоғары деңгейде қол жеткізіп отырғаны байқалды.

Қазіргі таңда «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС елімізде өндіріліп шығарылатын бүкіл мұнайдың шамамен 25 % тасымалын және Ақтау порты арқылы ДФЭ контейнерлік жүк жеткізілімінің 70 %-ын қамтамасыз етуде.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бизнесті ашық жүргізудің жоғары стандарттарын ұстануда. Компанияның қызметкерлері 2022 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша әртүрлі органдардың тарапынан теңіз бизнесін дамытуға қосқан сүбелі үлесі үшін марапатталды.

Мен даму стратегиясының үйлесімділігі, жоғары корпоративтік стандарттар, кәсіби менеджмент, қызметкерлерді жұмысқа тарту деңгейі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС болашаққа деген сенімін арттыра отырып, оның өз алдына белгіленген мақсаттар мен міндеттерге тұрақты қол жеткізетініне кәміл сенемін.

Мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесінің атынан компанияның клиенттері мен серіктестеріне - көрсеткен қолдауы, тиімді ынтымақтастық, барлық ұжымға - кәсіби деңгейі және мінсіз жұмысы үшін шынайы алғысымды білдіремін.

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**  
**Бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Е. Оржановтың үндеуі**

**Құрметті оқырмандар!**

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС үшін 2022 жыл әлемдік қиыншылықтарға қарамастан жемісті жылдардың бірі болды. Алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша өндірістік бағдарлама мұнайды ауыстырып тиеу бөлігінде 111 %-ға орындалды, Транскаспий халықаралық көлік маршруты желісі бойынша Ақтау – Баку бағытында ДФЭ контейнерлерінің 19 816 бірлігі тасып шығарылды. Компанияның 2022 жылғы түсімі 126 929 млн. теңгені құрады, ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 178 %-ға жоғары болды. Есепті кезең бойынша қорытынды табыс 12 371 млн. теңгені құрады.

Есепті жылы компания жұмысының басты басымдықтарының бірі – контейнерлік флот бірліктерін ұлғайтуға және мұнай тасымалының баламалы маршруттарын іздестіру бойынша жұмысқа қатысуға баса назар аударылды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2022 жылы екінші көпбейінді «Сұңқар» көмекші кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде жаңғыртуды және қайта жабдықтауды аяқтады және «Abu Dhabi ports Group» компаниясымен бірлескен кәсіпорынды құру және салмағы 8000 тонналық 2 мұнай танкерін сатып алу бойынша инвестициялық жобаны іске асыруды қолға алды.

Өндірістік салада қол жеткізілген табыстармен қоса маңызды басымдықтардың бірі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметкерлері үшін еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қалыптастыру болып қалуда. Осы орайда Компания еңбекті қорғау саласында стандарттарды ұстануға баса назар аударды. Компанияның өндірістік объектілерінде жарақат алу және авариялық жағдайлар санының деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіліп отырды.

Есепті жылы қызметкерлердің қатысуымен болған жазатайым оқиғалар және қоршаған ортаға залал келтіру жағдайлары тіркелмеді. Болашақта осы сияқты жағдаяттарды болдырмау мақсатында Компания өндірістің бүкіл деңгейінде қауіпсіздік қағидалары мен талаптарының сақталуын қосымша бақылауды күшейтті.

Бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығы адами капиталды дамытуға негізделіп отырғаны мәлім. Персоналды дамыту бағдарламалары, біліктілікті арттыру, еңбекке ақы төлеудің бәсекелік деңгейі және қызметкерлерге тиісті әлеуметтік кепілдіктер ортақ іске және өз алдында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуде адал әрі кәсіби деңгейі жоғары мамандардың жұмылған ұжымын қалыптастыратыны сөзсіз.

Компания үшін 2022 жыл көптеген қызмет салалары бойынша тәжірибе жинақтау тұрғыдан маңызды жылдардың бірі болды. Мен алған біліміміз бен тәжірибемізді алдымыздағы 2023 жылы компанияның сапалы өсуі мен қызметінің тиімділігін арттыру үшін ойдағыдай пайдаланатымызға кәміл сенемін.

Сөз соңында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бен серіктестерімізге - конструктивті ынтымақтастық пен білдірген сенімі үшін, ал «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ұжымына - Компанияның дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін.

## **«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰЛТТЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ**

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, ҚТКФ, Компания, Серіктестік) айқындықтың жоғары стандарттарын ұстана отырып өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, Жылдық есептемені (бұдан әрі – Есептеме) ашық көздерде жүйелі жария етеді.

Есептеме мақсаты – мүдделі тараптарды өз жоспарлары, корпоративтік басқару жүйесі, өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы хабардар ету болып табылады.

2022 жылғы жылдық есептеме ҚТКФ қызметінің барлық тұстарын: негізгі өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштерді, Компанияның маңызды оқиғалары мен жетістіктерін, қызмет нәтижелерінің бағалымын, саланы дамыту перспективаларын, қауіпсіздік мәселелерін, корпоративтік басқаруды, тәуекелді басқару жүйесін, Компанияның меншік құрылымын, қауіпсіздікті басқару, қоршаған ортаны, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесін, кадрлық мәселелерді, жастар саясатын, әлеуметтік жауапкершілікті ашып көрсетеді. «Эрнст энд Янг» ЖШС тарапынан жүргізілген аудиторлық қорытынды берілді.

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### ҚТКФ ЖӘНЕ АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ


ҚТКФ Қазақстан Республикасының ірі кеме компаниясы болып табылады, оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі №462 қаулысымен Ұлттық теңіз тасымалдаушы мәртебесі белгіленді.

2022 жылдың соңғы айларында меншікті флоттың бірлік санын салмағы 305 мың тоннадан жоғары 17 кеме құрады.

ҚТКФ компаниялар тобының құрылымын Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары жерлерде тіркелген 4 еншілес компания: «Kazmortransflot UK Ltd», «Kazmortransflot LTD», «Alatau Shipping Ltd» және «Altai Shipping Ltd» құрайды.

### ҚТКФ ЖӘНЕ ЦИФРЛАР КӨРІНІСІ

Мұнай тасымалы өсімінің тарихы



Мұнай тасымалының жалпы көлемі 1998 жылдан бастап 2022 жылға дейін 177,5 млн. тонна құрады, соның ішінде:

- Каспий теңізі – 104, 3 млн. тн;
- Ашық теңіз – 73, 2 млн. тн.

### КОМПАНИЯНЫҢ 2022 ЖЫЛ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

#### Ақпан

ҚТКФ және «Abu Dhabi Ports Group» (бұдан әрі – ADP) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында бірлескен кәсіпорынды құру қағидаттары туралы жасасқан келісімге келісім тараптары қол қойды.

#### Наурыз

ҚТКФ кемелері Қашаған кен орнының теңіз арналарын тереңдету бойынша «Н. В. Компани Норт Каспиан Оперейтинг» компаниясының жобасына қатысты;

ҚТКФ және «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» қауымдастығы (бұдан әрі – ТХКМ) Каспий өңірінде контейнерлік жүктерді тасымалдауға мерзімі 5 жылға жасасқан Негізгі келісімге қол қойды.

## **Сәуір**

«Kazmortransflot UK Ltd», «Kazmortransflot Ltd» және «Safeen Feeder Company» еншілес компаниялары арасында жасасқан ашық теңіздерде танкерлер пұлын құру туралы келісімге келісім тараптары қол қойды;

МСV «Сұңқар» мамандандырылған кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде жаңғыртуға «Саға-Аташ» компаниясымен шарт жасасты.

## **Шілде**

«Chevron» компаниясы тарапынан «ТК Ақтау» танкеріне SIRE инспекциясы өткізілді.

## **Тамыз**

«Жеңіс» учаскесінде V-1 барлау ұңғымасының құрылысын салу жобасы шеңберінде жабдықтау кемелерін пайдалануға беру бойынша «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС келісім шарт жасасты.

## **Қыркүйек**

Контейнерлерді таситын «Сұңқар» кемесі ресми қатарға қосылып ТХКМ фидерлік желісіне шықты;

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС және ҚТКФ арасында жасасқан ҚТКФ теңіз кемелерінде сұйылтылған газды қолдану саласында ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге келісім тараптары қол қойды;

ҚТКФ және Қазақстан-Британ техникалық университеті арасында жасасқан Ынтымақтастық туралы меморандумға тараптар қол қойды.

## **Қараша**

Баутин поселкесінде «Саға Аташ» кеме жасау зауытында «Бүркіт» кемесін жаңғырту басталды;

ҚТКФ және «International Maritime Investments Ltd» арасында жасасқан бірлескен кәсіпорын туралы Негіздемелік келісімге тараптар қол қойды.

## **Желтоқсан**

ҚТКФ және «International Maritime Investments Ltd» арасында жасасқан бірлескен кәсіпорынды құру туралы Акционерлік келісімге тараптар қол қойды.

## **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

### **Корпоративтік басқару жүйесі**

ҚТКФ жарғысына сәйкес ҚТКФ бойынша мына органдар көздестірілді:

1. Жоғарғы орган - Жалғыз қатысушы;

2. Бақылау-қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
3. Алқалы атқарушы орган – Басқарма;
4. Бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші)(қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

Қадағалау кеңесінің және Басқарманың мүшелері Серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

ҚТКФ Жарғысының 1-бабының 2-тармағына сәйкес ҚТКФ **Жалғыз қатысушысы** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) болып табылады.

ҚТКФ **Қадағалау кеңесі** ҚТКФ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және қызметін заңнамаға, ҚТКФ Жарғысына, сондай-ақ ішкі құжаттарға сәйкес ұйымдастырады.

Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесінің мүшелерін кемінде үш мүше санында 3 (үш) жылдан жоғары болмайтын мерзімге тағайындайды.

Қадағалау кеңесін Төраға басқарады, ол Қадағалау кеңесінің мүшелері қатарынан тағайындалады.

2022 жылы Қадағалау кеңесінің 25 мәселе бойынша 7 отырысы өтті.

### **ҚТКФ Басқармасы**

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметін жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган. Басқарма қызметі Жалғыз қатысушы ҚМГ мүдделерін барынша ұстану және Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі алдында есеп беру қағидатына негізделеді.

2022 жылы ҚТКФ Басқармасының құрамында өзгерістер болмады. Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

2022 жылы ҚТКФ Басқармасының 52 мәселе бойынша 26 отырысы өтті.

### **Басқарма құрамы туралы мәлімет**

Басқарма төрағасы (Бас директор):

- Айдар Есенжанұлы Оржанов.

Басқарма мүшелері:

- Қаржы директоры – Ринат Ғалымжанұлы Сүлейменов;

- Заң бөлімінің басшысы – Жамарт Сарсенбекович Мухамеджанов.

### **Тексеру комиссиясы**

Тексеру комиссиясы (тексеруші) ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асыратын бақылаушы орган (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ қаржы есептілігін ол міндетті түрде Жалғыз қатысушымен бекітілгенге дейін тексереді.

2022 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ҚТКФ Жарғысына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылдамады.

## **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы 2021 жылы ҚМГ Директорлар кеңесімен бекітілді, осы Стратегия ҚМГ еншілес және тәуелді компаниялары алдында мақсаттарды белгілейтін бірыңғай құжат болып табылады.

ҚМГ Стратегиясы шеңберінде негізгі стратегиялық қызмет бағыттары және стратегиялық мақсаттар айқындалды.

Стратегиялық бағыттар:

1. Құнды құру.

2. Энергиялық тиімділікке өту.



Стратегиялық мақсаттар:

- 1) ҚМГ компаниялар тобының деңгейін арттыруды қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база.
- 2) ҚМГ компаниялар тобының құн тізбегінің тиімділігін арттыру.
- 3) Бизнесті әртараптандыру және азық-түлік қоржынын кеңейту.
- 4) Тұрақты даму және өндірістің көміртегі қарқындылығының үдемелі төмендеуі.

ҚМГ төрт стратегиялық мақсатына қол жеткізу 25 стратегиялық бастаманы іске асыру арқылы қамтамасыз етілді. Стратегиялық бастамалар ЕТҰ үшін қалыптасқан қызмет түрлеріне және даму перспективаларына қарай айқындалды.

ҚМГ теңіз тасымалына қатысты маңызды мақсаттарының бірі - меншікті флоттың жоғары техникалық стандарттарына, теңізде жүзу қауіпсіздігіне, басқарушы және өндірістік процестерге және қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейіне қол жеткізу арқылы кеме компаниялары арасында Каспий өңірі сияқты Каспий акваториясынан тысқары жерлерде көлік қызметтерінің сапасы мен тиімділігі бойынша лайықты орнын сақтап қалу болып табылады. Осы орайда ҚМГ «Теңіз арқылы тасымалдау синергиясы» стратегиялық бастамасы арқылы теңіз тасымалын қоса алғанда ҚМГ Тобы қызметінің барлық бағыттары мен активтерінің синергиясына қол жеткізуді жоспарлайды.

Осы бастаманы іске асыру ҚТКФ теңіз тасымалының нарығына қатысуымен қамтамасыз етіледі. Осы бастаманы іске асыруды қамтамасыз ететін үш перспективалық бизнес бағыты ашып көрсетілді:

1) Ұлттық теңіз тасымалдаушының Қара-Жерорта теңіздері өңірінде лайықты орнын бекемдеуге және Афрамекс және/немесе Суэцмакс үлгісінде ірі салмақты флот бірліктерінің әлеуетті қуатын ұлғайта отырып ҚТКФ компаниясының қазақстандық мұнай жүктерін ашық теңіздерде тасымалдауға қатысу үлесін арттыру.

2) ҚТКФ меншігіндегі танкерлермен мұнайды Каспий теңізі бойынша тасымалдау, сондай-ақ ҚТКФ танкерлерін жалға беру арқылы мұнайды Каспий теңізінің басқадай порттары арасындағы маршруттар бойынша тасымалдау.

3) Флот қызметтерінің нарығында ҚТКФ қатысу үлесін ұлғайту және оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша жобалардағы рөлін күшейту арқылы Каспий қайраңындағы мұнай-газ кен орындарына қызмет көрсету. Осы бағытты дамыту үшін сервистік флоттың мамандандырылған кемелерінің кеме жасауы/оларды сатып алу қажет болады.

Стратегиялық бастамаларды орындау мақсатында 2022 жылы қызмет бағыттары бойынша мынадай нақтылы нәтижелер мен жетістіктерге қол жеткізілді:

1) ашық теңіздерде мұнай тасымалы Афрамекс үлгісінде меншікті «Altai» және «Alatau» танкерлерімен, сондай-ақ жалға алынған флот бірліктерімен жүзеге асырылды. 2022 жылғы сәуірде ҚТКФ және «ADP» компаниясы арасында танкерлер пұлын құру туралы Келісім жасасты, оның талаптары бойынша «ADP» компаниясы Новороссийск және Джейхан порттарынан қазақстандық мұнайды тасымалдау үшін Афрамекс/Суэцмакс үлгісінде танкерлерді сатып алуға және ҚТКФ басқаруына беруге тиіс. 2022 жылғы 4-тоқсанда «ADP» компаниясы тарапынан ҚТКФ басқаруына алғашқы танкер берілді. Келешекте пұлды ірі салмақты 12 флот бірлігіне дейін ұлғайту жоспарлануда, ал бұл ұлттық тасымалдаушының өз алдына қазақстандық мұнайды тасымалдаудағы қатысу үлесін ұлғайту мүмкіндігін бермекші.

2) Каспий теңізінде мұнай мен жүктерді тасымалдау салмағы 12 000 тонналық «Астана», «Алматы және «ТК Ақтау» мұнай танкерлерімен, құрғақ жүктерді таситын «Бекет Ата», «Түркістан» кемелерімен, контейнерлерді таситын «Сұңқар», «Бүркіт» кемелерімен жүзеге асырылуда. Осы орайда Әзірбайжан, Ресей, Түрікменстан және Иран порттары мұнайды тасымалдаудың негізгі бағыттары болып табылады. Қазақстандық мұнай тасымалының баламалы маршруттарын дамыту, сондай-ақ теңіз флотының аясын кеңейту мақсатында ҚТКФ ҚМГ қолдауымен 2022 жылы салмағы 8000 тонналық 2 мұнай танкерін сатып алу бойынша

инвестициялық жобаны іске асыру мәселесіне бастамашылық танытты және «Сұңқар», «Бүркіт» мамандандырылған кемелерін ойдағыдай жаңғыртуды жүргізді.

2022 жылғы қарашада ҚМГ және «SOCAR» арасында Ақтау-Баку маршруты бойынша, кейіннен «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбыры арқылы шикі мұнайды тасымалдауға жасасқан Бас келісім шеңберінде 2023 жылы теңіз операторы ҚТКФ компаниясын 1,5 млн.тонна қазақстандық мұнайды тасымалдауға тарту бойынша «SOCAR» компаниясымен ынтымақтастықты дамыту жоспарланды.

3) Сервистік флотты дамыту ҚМГ оффшорлық жобаларына ҚТКФ қатысуы арқылы жүзеге асырылды. 2022 жылы «Қашаған» кен орындарының теңіз арналарында су түбін тереңдету және «Жеңіс» учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу жобаларына қатысу үшін сервистік флот қызметтерін ұсынуға жасасқан келісім шарттарға тараптар қол қойды. 2023-2026 жылдар кезеңінде ҚТКФ флотының ҚТҚС мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша жобаларға қатысуы жоспарланды.

## **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР**

### **«МСV Сұңқар» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықтау**

Каспий теңізі бойынша контейнерлік тасымалдың ұлғаюына байланысты екінші МСV «Сұңқар» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықтау жөнінде шешім қабылданды.

- 2022 жылғы 5 сәуірде ҚТКФ және «Сага Аташ» ЖШС арасында қайта жабдықтауға шарт жасасты;
- 2022 жылғы 3 қыркүйекте контейнерлерді таситын «Сұңқар» кемесі «Ақтау – Баку» маршруты бойынша алғашқы рейске шықты.

### **«МСV Бүркіт» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықтау**

- 2022 жылғы 19 қыркүйекте үшінші «МСV Бүркіт» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықтауға шарт жасасты.
- Жұмыстардың аяқталу мерзімі – 2023 жылғы ақпан.

## **ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

№	Көрсеткіштер	млн.теңге			
		2022 жыл		ауытқу	
		жоспар	нақты	(+/-)	(%)
A	1	2	3	4=3-2	5=3/2
<b>1</b>	<b>Кірістер, соның ішінде:</b>	<b>52 279</b>	<b>126 929</b>	<b>74 651</b>	<b>243%</b>
1.1	Негізгі қызметтен түскен кірістер	47 122	126 004	78 882	267%
1.2	Қаржыландырудан түскен кірістер	0	149	149	
1.3	Негізгі емес қызметтен түскен кірістер	5 157	776	-4 380	15%
<b>2</b>	<b>Шығыстар, соның ішінде:</b>	<b>51 032</b>	<b>110 335</b>	<b>59 304</b>	<b>216%</b>
2.1	Өзіндік құны	42 407	103 603	61 196	244%
2.2	Жалпы және әкімшілік шығыстар	2 466	2 863	397	116%
2.3	Атқарылуы бойынша шығыстар	354	936	582	264%
2.4	Қаржыландыру шығыстары	816	756	-60	93%
2.5	Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар	4 988	2 178	-2 810	44%
<b>3</b>	<b>Салық салынғанға дейін табыс (шығындар)</b>	<b>1 247</b>	<b>16 594</b>	<b>15 347</b>	<b>1331%</b>
4	КТС бойынша шығыстар	508	4 223	3 715	831%
<b>5</b>	<b>Қорытынды табыс</b>	<b>739</b>	<b>12 371</b>	<b>11 632</b>	<b>1675%</b>

ҚТКФ 2022 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесінде қорытынды табыс 739 млн теңге деп жоспарланған табыспен салыстырғанда 12 371 млн. теңгені құрады.

Оның негізгі себептері: World Scale тарифтік шәкілі деңгейінің ұлғаюы салдарынан өзгеруі, ашық теңіздер бойынша нақты тарифтің 117%-ға өсуі (нақты – 21,45 АҚШ доллары/жоспар – 9,88 АҚШ доллары).

## ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

МЫҢ ТОННА

№	Негізгі көрсеткіштер	2022 жыл		ауытқу (+/-)	орындалуы%
		бекітілген жоспар	нақты		
1	2	3	4	5=4-3	6=4/3
1	Барлығы мұнай тасымалы соның ішінде;	8 385	9 343	958	111%
	Каспий теңізі бойынша	540	610	70	113%
1.1	Ақтау-Махачкала бағыты бойынша	540	587	47	109%
1.2	Ю.Корчагин-Баку бағыты бойынша	0	19	19	0%
1.3	Ақтау-Баку (Сангачал) бағыты бойынша	0	4	4	0%
	Ашық теңіз бойынша	7 845	8 733	888	111%
1.4	Қара теңіз бойынша	3 680	3 457	-223	94%
1.5	Қара теңізден тысқары бағытта	4 165	5 276	1 111	127%


2022 жылдың қорытындылары бойынша ҚТКФ мұнай тасымалының жалпы көлемі 9 343 мың тонна мұнайды немесе 8 385 мың тонна деп жоспарланған көрсеткішпен салыстырғанда 111 % құрады.

Каспий теңізінде 610 мың тонна мұнай немесе жоспарлы көрсеткішке (540 мың тонна) қатысты 113% тасымалданды. Тасымалдаудың негізгі бағыттары – «Ақтау-Махачкала», «Ақтау-Баку», «Ю. Корчагин-Баку».

Ашық теңіз бойынша Қара және Жерорта теңіздері арқылы мұнай тасымалының өндірістік көрсеткіштерінің орындалуы жоспарлы көрсеткішке (7 845 мың тонна) қатысты 8 733 мың тоннаны немесе 111 % құрады.

### Мұнайды Ақтау портынан тасымалдау

2022 жылдың қорытындылары бойынша Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу көлемі 2 337 мың тонна болды. Ақтау портында ауыстырып тиелген көлемнің 587 мың тоннасы ҚТКФ үлесіне шақ келді.



### Мұнайды Махачкала порты бағытында тасымалдау

Ақтау портынан Махачкала порты бағытында тиелімі жүргізілген мұнайдың жалпы көлемі 2 008 мың тоннаны құрады, соның ішінде оның 587 мың тоннасы немесе 29 %-ы ҚТКФ үлесіне шақ келді.

Өндірістік жоспарға сай орындалуы 109 %, жоспарланған көрсеткішке қатысты 540 мың тонна болды.

Осы желіде бір-ақ танкер «ТК Ақтау» пайдаланылды.

### Мұнайды ашық теңізде тасымалдау

Ашық теңіз, яғни Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалы бойынша 8 733 мың тонна, соның ішінде жалпы мұнай көлемі - 3 368 мың тонна меншікті флот бірліктерімен және 5 365 мың тонна жалға алынған кемелермен тасымалданды.

Мұнайды ашық теңізде тасымалдау:

- Қара теңізде – 3 457 мың тонна;
- Жерорта теңізінде – 5 276 мың тонна.

Қара теңізде мұнай тасымалдау бойынша жоспардың орындалуы 3 680 мың тонна деп жоспарланған көрсеткішке қатысты 94 %, ал Жерорта теңізі бағытында орындалуы 4 165 мың тонна деп жоспарланған көрсеткішке қатысты 127 % болды.

ҚМГТ жүктерінің үлесі 7 936 мың тонна немесе жалпы тасып шығарылған жүктер көлемінің 91%-ын құрады.



### ТОҚФ (Теңіз операцияларын қолдау флоты) жұмысының қорытындылары

Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде «Қашаған» кен орнында су түбін тереңдету жұмыстары бойынша «North Caspian Operating Company N.V.» жобасы шеңберінде ҚТКФ өз меншігіндегі «Ырғыз», «Талас», «Ембі» теңіз сүйреткіштерін пайдалануға берді. Осы бойынша науқан наурыздан басталып қыркүйекке дейін жалғасын тапты.

ҚТКФ 2022 жылғы қарашада «Астрахань – Астара (Иран)» маршруты бойынша 1 516 м3 көлемінде пилотматериалдарды, сондай-ақ «Астара» портынан «Говсан (Әзірбайжан)» портына дейін 1 584 тонна мөлшерінде керамикалық тақташаларды тасымалдауға меншікті баржалық-сүйреткіш құрамындағы «Талас», «ҚМГ-108» бірліктерін тартты.

### Каспий қайраңындағы мұнай-газ кен орындарына қызмет көрсету

2022 жылғы 23 тамызда «Жеңіс» жобасы бойынша жабдықтаушы кемелер мен жәкір көтергіштердің қызметтерін ұсынуға ҚТКФ және «Жеңіс Опейретинг» ЖШС арасында шарт жасасты. Қызмет көрсету мерзімі 2022 жылғы тамыздан 2023 жылғы мамырға дейін белгіленді.

### Контейнерлерді тасымалдау:

ТХКМ маршрутында жиырма фугтық эквивалентте төменде көрсетілген бағыттарда 27 514 контейнер тасып шығарылды (соның ішінде ҚТКФ күшімен 19,6 мың ДФЭ):

Ақтау порты – Баку порты: 21 693 ДФЭ,

Баку порты – Ақтау порты: 5 821 ДФЭ,

Орташа тиелім 63,25 % (Ақтау порты – 75,15 %, Баку порты – 25,60 %) құрады.



### Иран Ислам Республикасына контейнерлерді тасымалдау

ҚТКФ контейнерлік маршрутты дамыту шеңберінде 2022 жылғы қыркүйектен бастап контейнерлерді «Ақтау – Иран портары – Ақтау» бағытында тасымалдауда контейнерлерді таситын кемені белсенді пайдаланды және тасып шығарылған ДФЭ саны 1 096 болды, соның ішінде:

Ақтау портына – 834 ДФЭ;

ИИР портына – 262 ДФЭ.


Сондай-ақ, ҚТКФ ИИР порттарынан 160 бірлік мөлшерінде жеңіл автомашиналарды қосымша тасып шығарды.

### Негізгі жүктерді тасымалдау:

2022 жылы құрғақ жүктерді таситын ҚТКФ кемелерімен 203 мың тонна негізгі жүктер, соның ішінде кабамид, полиэтилен тиелген палеттер, арпа және астық тасып шығарылды.

Кеме	Маршрут	Жүк түрі	Барлығы, тоннамен
«Туркестан»	Бегдаш-Баку	Карбамид	127 322
«Бекет Ата»	Бегдаш-Баку	Карбамид	61 795
«Бекет Ата»	Ақтау-Амирабад	Ячмень	9 666
«Бекет Ата»	Ақтау-Баку	Пшеница	4 493
<b>Жалпы</b>			<b>203 276</b>

2022 жылы құрғақ жүктерді таситын «Бекет Ата» кемесі «Бегдаш – Баку», «Ақтау – Баку», «Баку – Ақтау», «Ақтау – Амирабад» маршруты, ал құрғақ жүктерді таситын «Түркістан» кемесі тек қана «Бегдаш - Баку» желісінде пайдаланылды.



ҚТКФ 2022 жылғы сәуір айынан маусым айына дейін Ақтау портында жиналып қалған контейнерлерді тасып шығару үшін «Бекет Ата» кемесін «Ақтау – Баку – Ақтау» ТХКМ қарай бағдарлады.

ТХКМ болған мезгілінде «Бекет Ата» 9 (тоғыз) айналым маршрут жасады және 1 988 ДФЭ контейнерлерді тасып шығарды.

### **ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ**

Сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатқа сәйкес ҚТКФ негізгі мақсаттарының бірі қызметкерлердің қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда, ҚТКФ мыналарды сенімді іске асырады және осы бойынша үгіт-насихат жүргізеді:

- өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты адам өмірі мен денсаулығының құнды болуының басымдығы;
- барлық деңгейдегі басшылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне тартылуы және осы бойынша білім алуы;
- қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарының сақталуы үшін дербес жауапкершілігі;
- оқиғалар мен оқыс уақиғаларды болдырмау үшін оң қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру;
- барлық мүдделі тараптар арасында тиімді коммуникациялар;
- жұмыстарды қауіпсіз орындау және қауіпті іс-қимылды жою.

ҚР заңнамасына және халықаралық теңіз практикасына сәйкес ҚТКФ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мына іс-шараларды орындайды:

- Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімше еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асырады;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мына құжаттама әзірленіп, бекітілді: саясаттар, нұсқаулықтар, қағидалар, рәсімдер, алтын қағидалар, қатерлерді сәйкестендіру және тәуекелді бағалау және т.б.;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу, нұсқама беру және алған білімін тексеру жүргізілді;

- Қызметкерлер белгіленген нормаларға сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ-киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етілді;
- Қауіпсіздік бойынша іс-қимылды тексеру жүйесі енгізілді. Жауапты қызметкерлер бекітілген кестеге сәйкес қауіпсіздік бойынша іс-қимылды бақылауды жүргізді;
- Қызметкерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оларды жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға шарт жасасты;
- Кемелердің экипаждарын және қызметтік автокөлік жүргізушілерін медициналық куәландыру жүргізілді (соның ішінде алкотест);
- Кемелер медициналық көмек көрсетудің құралдарымен қамтамасыз етілді: дәріханашықтар, тонометрлер, көз жуу станциялары, БДС кемелік медицинасы жөніндегі халықаралық нұсқау және т.б.;
- Кемелердің су жабдықтау жүйелерінде суды микробиологиялық және бактериологиялық зерттеу (талдау) жүргізілді;
- Қызметкерлерге медициналық қызметтер/медициналық сақтандыру шеңберінде тегін медициналық қызметтер ұсынылды;
- Қызметкерлерге (осы сияқты тексерулер жүргізілуге тиіс) жыл сайынғы медициналық тексерістер жүргізілді;
- ҚМГ Басқармасы төрағасының «ҚМГ компаниялары тобының ДЕҚОҚ саласында үздік инновациялық идеялар мен практикалар» атты конкурсының бірінші туры жыл сайын өткізіліп отырды;
- Оқиғалар мен оқыс уақиғалардың түпкілікті себептеріне талдау жүргізілді. Олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

### ҚТКФ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында алтын қағидалары



**ПРАВИЛО 1**  
Быть готовым к работе



**ПРАВИЛО 2**  
Безопасность во время вождения служебного транспортного средства



**ПРАВИЛО 3**  
Наряд-допуск на производство работ повышенной опасности



**ПРАВИЛО 4**  
Изоляция источников энергии



**ПРАВИЛО 5**  
Безопасность работы в замкнутом пространстве



**ПРАВИЛО 6**  
Безопасность во время работы на высоте



**ПРАВИЛО 7**  
Находитесь на безопасном расстоянии от движущегося оборудования или оборудования под напряжением



**ПРАВИЛО 8**  
Безопасность во время грузоподъемных операций

- ҚТКФ «Алтын қағидалары» ҚТКФ Басқармасының шешімімен бекітілді. ҚТКФ «Алтын қағидалары» - бұл жетекші мұнай-газ компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында озық халықаралық тәжірибесі негізінде әзірленген жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары;
- «Алтын қағидалар» Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында белгіленген халықаралық стандарттардың талаптарына толық шамада сәйкес келеді. «Алтын қағидалар» түрлі жұмыстарды

қауіпсіз жүргізудің негізгі қағидаларын сақтауды жокқа шығармайды, қайта оларға қосымша түрінде беріледі;

- ҚТКФ барлық қызметкерлері жеке үлгісімен еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі мәселелеріне сенімді болатынын көрсетеді.

### **Жұмысты тоқтату құқығы**

ҚТКФ қызметкерлерге олардың не болмаса айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмыстарды орындаудан заңды бас тарту құқығына ие болатындығына кепілдік береді.

### **2022 жылғы кезеңде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша мынадай іс-шаралар орындалды:**

1. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөнінде корпоративтік стандарт (ҚТКФ.043 КСТ) әзірленіп, бекітілді;

2. «Барыс», «Астана», «Алматы» кемелерінде жұмыс орындарын аттестаттау жүргізілді және еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары түзіп жасалды;

3. Қауіпсіздік бойынша іс-қимылды бақылау (ҚІБ) жүргізілді.

2022 жыл бойынша 53 ҚІБ жүргізілді. Соның ішінде: 99,2 % - қауіпсіз іс-әрекет, 0,8%-қауіпті іс-әрекет. Анықталған қауіпті іс-әрекет сол жерде жойылды.

### **Толтырылған іс-қимылды бақылау түрлері пайыздық арақатынаста:**

- рәсімдер -19,8%;
- жеке бас қорғанысының құралдары- 31,5%;
- дене тұрысы/қозғалысы – 25,8%;
- құрал-саймандар және жабдықтар– 8,9%;
- жұмыстарды жүргізу орындары– 14,0%.

4. ҚТКФ кемелерінің қызметкерлері мен экипаждардың мүшелері 01-7-ISM «Қорғау» картасының регламентіне сәйкес карталарды SMSC 29 үлгілік нысаны бойынша жыл бойы толтырып отырды. Барлығы 2022 жыл бойынша толтырылған «Қорғау» картасының саны – 20. Толтырылған карталардың қорытындылары бойынша «Қорғау» картасының комитетімен талдау жүргізіліп, ең үздік карталар және 1, 2, 3-жүлде орындары айқындалып, жүлдегер болып анықталған қызметкерлерді уәждемелеу мақсатында олар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында белгіленген жауапты тұлғалармен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуы мәніне тексерістер жүргізілді. Барлығы 39 тексеріс жүргізілді.

6. 2022 жыл кезеңінде ҚТКФ еңбек қызметіне байланысты орын алған жазатайым оқиғалар тіркелмеді

### **ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ**

ҚТКФ бойынша Қауіпсіздікті басқару жөніндегі халықаралық кодекске сай жалпы кемелерді қауіпсіз пайдалануды басқару және мұнайдан ластануды болдырмау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында әзірленген саясат қолданысқа енгізілді.

Кодекс экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында компания қағидаттарын, мақсаттарын, міндеттерін және негізгі бағыттарын айқындайды.

ҚТКФ 2022 жылы экологиялық менеджмент жүйесі бойынша сертификатталды. Жүйе қоршаған ортаны қорғау саласында саясатта белгіленген қағидаттарға, мақсаттарға және



міндеттерге сәйкес қалыптастырылды және Компанияның экипаждарынан бастап жоғары буын басшыларын қоса алғанда барлық қызметкерлердің қызметін қамтиды.

ҚТКФ бойынша қалдықтарды басқару жүйесін қалдықтардың пайда болуының, оларды жинауды бақылауды қадағалап отырудың, сақтауға алудың, кәдеге жаратудың және залалсыздандырудың ұйымдық шаралары құрайды.

Өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және барлық қалдық түрлерінің пайда болу, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін көзделген іс-шаралар қоланысқа енгізілген табиғатты қорғау заңнамасына және Қазақстан Республикасында сауда мақсатында теңізде жүзу саласында ратификацияланған халықаралық конвенцияларға сәйкес іске асырылды.

2022 жылы 7 кемеге сәйкестендірілген чек-парақшалар бойынша ішкі экологиялық тексерістер жүргізілді, анықталған кемшіліктер сапалы және белгіленген мерзімде жойылды.

Каспий теңізінің акваториясына жалпы кемелік жүйелер мен кемелердің энергетикалық құрылғыларының жүйелерінен ағызылған шартты-таза сулардың сапасын бақылау бойынша жұмыстар қолға алынып, ойдағыдай жүргізілді. Аталмыш жұмыстар мамандандырылған мердігерлік ұйымдардың аккредиттелген зертханаларымен жасасқан шарттар негізінде жыл сайын жүргізіліп отырды. Жұмыстарды жүргізу барысында шектік рауалы қойырлықтан жоғары болу жағдайлары тіркелмеді.

Есепті кезең ішінде қоршаған ортаға залал келтіру жағдайлары тіркелмеді.

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 13.12.2022 жылғы №93-III ҚРЗ сәйкес ҚТКФ міндетті экологиялық сақтандыруға шарт жасасты, оның объектісі ретінде ҚР азаматтық заңнамасында белгіленген үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаның авариялық ластануымен келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның мүліктік мүддесі болып табылады.

2022 жылғы кезең бойынша міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді.

Табиғатты қорғау қызметіне баса назар аудару, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық бет алысқа сәйкес болу үшін ҚТКФ тарапынан «Жер сағаты» науқанын ұйымдастыру және оған қатысу, әкімшілік ғимараттың аумағын оған ағаштар мен теректерді егіп отырғызу арқылы көгалдандыру, Каспий халықаралық күніне орайластырылған сенбіліктерді өткізу сияқты іс-шаралар өткізілді.

## **КЕМЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАУІПСІЗДІГІ**

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі Кемелерді халықаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып оларды компанияның қолданыстағы менеджмент жүйелеріне енгізу арқылы қауіпсіз, тиімді және үнемді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚТКФ теңіз индустриясындағы жетекші позицияларын нығайту, бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету және орнықты даму мақсатында ҚТКФ жыл сайынғы негізгі міндеттерінің бірі қауіпсіздікті басқару жүйесінің (бұдан әрі - ҚБЖ) тиімділігін арттыру болып табылады. ҚБЖ компанияға 2006 жылдан бастап енгізілді және кемелерді қауіпсіз пайдалануды басқару және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық Кодекс (бұдан әрі - ХКҚБ) талаптарына сәйкес жіктеу қоғамымен мақұлданды.

Осы бағытта 2022 жыл ішінде ҚТКФ тиісті іс-шаралар өткізілді:

### **Танкерлік флот:**

- Ю. Корчагин ТТК арқылы жүктерді тасымалдау бойынша жасасқан шарт шеңберінде мұнай кемелері SIRE веттинг инспекциясынан өтуге әзірленді және SIRE веттинг инспекциясына ұсынылды. LUKOIL компаниясы атынан SIRE инспекцияларын жүргізу күні: ТК Ақтау – 2022 жылғы 2 ақпан; Алматы – 2022 жылғы 22 ақпан; Астана – 2022 жылғы 26 ақпан деп белгіленді. Инспекция нәтижелері бойынша жоғары бағалымға қол жеткізілді және

LUKOIL компаниясымен кемелерді кейінгі уақытта SIRE инспекцияларына жарты жылда бір мәрте мерзімділікпен ұсынудың орнына бір жылда бір мәрте мерзімділікпен ұсыну мәселесі мақұлданды;

- мұнайды ауыстырып тиеу мақсатында порттың өткізу қабілетін арттыру үшін танкерлерді мұнай айлақтарына тұраққа қою уақытын қысқарту және кемелерді өңдеу кезінде бейфизикалық кедергілерді жою бойынша жоспарды әзірлеу;

- ТШО жүктерін тасымалдау жобасы бойынша кемелерді әзірлеу шеңберінде мұнай кемелерін SIRE веттинг инспекциясына әзірлеу қолға алынды. SIRE инспекцияларын жүргізу күні: ТК Ақтау – 2022 жылғы 27 шілде, Астана - 2022 жылғы 9 қыркүйек, Алматы - 2022 жылғы 20 қазан. Өткізілген инспекциялардың қорытындылары тапсырыс беруші ТШО тарапынан қанағаттанарлық деп танылды;

- спутниктерде күнін айқындау пішімінің өзгерістеріне байланысты барлық мұнай кемелері үшін жаһандық анықтаушы жүйелердің (GPS) жабдығы жаңартылды. Сондай-ақ, Астана кемесінің өндірістік қажеттілікке байланысты радиолокациялық станция (РЛС) жаңартылды.

### **Құрғақ жүктер флоты:**

- Қауіпсіздікті басқару жөніндегі халықаралық кодекс (ХҚБК) және Кемелерді және порттық құрылыстарды күзету жөніндегі халықаралық кодекс (КҚКК) шеңберінде «Түркістан», «Бекет Ата» кемелерін куәландыруға әзірлеу және куәландыруға ұсыну;

- құрғақ жүктерді таситын «Түркістан», «Бекет Ата» кемелеріне Еуро одақ порттарына кеме кіруі үшін қажетті Қауіпті материалдар тізбесінің рәсімдері әзірленді және ол теңіз сыныптаушы қоғамы тарапынан мақұлданды. Кеме бортында осы тізбенің болуына қойылатын талаптар 20/11/2013 жылғы кемелерді кәдеге жарату туралы Еуропалық Парламент және ЕО Кеңесінің Регламентімен, сондай-ақ ИМО МЕРС.269 (68) регламенттелді;

- бербоут-чартерлік шарт мерзімінің аяқталуына байланысты құрғақ жүктерді таситын «Атамекен» кемесін ҚТЖ ЭШ және ЕАКК тарапынан қабылдап алу-тапсыру рәсімі бойынша жұмыс қолға алынып, ойдағыдай жүргізілді;

- «Сұңқар» кемесін контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықтау аяқталысымен кеме экипажына жүк сиымдылығын есептеу әдістері және жүк жоспарын түзіп жасау бойынша даярлық жүргізілді;

- радиоактивті материалдарды тасымалдау жобасы шеңберінде радиоактивті материалдарды тасымалдауға лицензия алу үшін рәсімдерді әзірлеу және кеме мені қажетті жабдықтау, сондай-ақ «Барыс» кемесінің теңіз сыныптаушы қоғамының атынан 7-ші жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасып шығаруға куәлік алу бойынша жұмыс жүргізілді;

- «Жеңіс» жобасына әзірлік жүргізу шеңберінде теңізде жүзі қауіпсіздігі бойынша тиісті рәсім әзірленіп, қолданысқа енгізілді, жоба кемелеріне, Құрық порты мен Баутин портына кеме кіруінің қауіпсіздігіне инспекция жүргізілді.

### **Оффшорлық флот:**

- Қашаған кен орнында арна түбін тереңдету бойынша жоба шеңберінде 2022 жыл бойынша Талас, Ембі және Ырғыз сүйреткіштерімен түрлі объектілерді қуып жеткізудің (сүйрету) 43 жоспары әзірленді, оның 13-і «тандем» әдісімен қос объектіні күрделі сүйрету болды;

- кемелерге баржалық-сүйреткіш құрамының «Талас және ҚМГ-108» жобасы үшін келісім шарт міндеттемелерінің орындалуына әзірлік жүргізілді. Баутин-Астрахань-Астара-Говсан-Баутин маршруты бойынша сүйрету жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыс қолға алынды. ҚТКФ Астрахань портына бет алған ҚМГ-108 пилотматериалдарды тиеуге және оларды бекітіп орнатуға тікелей қатысты. Осы жоба шеңберінде ҚМГ-108 тиелімін жүргізудің әрбір жағдайында түрлі жүктерді қауіпсіз тасымалдау үшін оларды бекіту орнықтылығына, беріктігіне жүргізілетін есептеулер, оның әдістері және құралдары айқындалды;

- қысқы мезгілдің басталуымен сүйреткіш флоты және өздігімен жүрмейтін баржаландар үшін кейінгі уақытта олардың келісілуін жүргізе отырып ҚР порттарының теңіз әкімшілігінің мақұлдауымен оларды қысқы тұраққа қою жоспарлары әзірленді.

### **Ту әкімшілігімен, сыныптаушы қоғаммен, ҚБЖ жүргізілген жұмыс**

- 2022 жылғы қаңтардан ақпанға дейін кезеңде «Астана», «Алматы» танкерлерін және құрғақ жүктерді таситын «Түркістан», «Бекет Ата» кемелерін ҚБЖ қабылдап алу және өткізу жүзеге асырылды. ХҚБЖ және ПҚКК шеңберінде кемелерді тексеруге ұсыну бойынша кешенді іс-шаралар өткізілді. Кемелердің техникалық менеджментін бақылау процесі ұйымдастырылды;

- 2022 жылғы мамырдан шілдеге дейін кезеңде «Барыс», «Бүркіт» және «Сұңқар» кемелерін ҚР мемлекеттік кеме тіркелімінен халықаралық кеме тіркеліміне аудару бойынша жұмыс жүргізілді. Кемені меншіктену құқығы және ҚР мемлекеттік туын көтеріп жүзу туралы куәлік жаңартылды;

